

АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Келісімшарт талаптарын бұзу және
келісімшартты толық орындамау





Келісімшартты бұзу уақыты

Келісімшарт талаптары оны орындауды бастамай тұрғанда немесе орындау барысында бұзылуы мүмкін. Келісімшартты орындау мүмкіндігінен айырылуға келісуші тараптың өзі себепші болған жағдай келісімшартты орындаудан бұрын туындайды. Келісімшарттың тиісті міндеттемелерді дұрыс орындамау салдарынан бұзылуы келісімшартты орындау басталатын кезде туындайды.

Келісімшартты уақытынан бұрын бұзудың түрлері

Келісімшартты уақытынан бұрын бұзудың (anticipatory breach) мынадай екі түрі бар:

(а) Алдын ала бас тарту (advance renunciation): келісімшартты орындауды бастамай тұрып, бір тарап екінші тарапқа өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамайтынын хабарлауы мүмкін; Олай болса, екінші тарап келісімшартты бұзуды жөн көруі мүмкін; немесе

(б) Келісімшартты орындау мүмкіндігінен айырылуға келісуші тараптың өзі себепші болуы (self-induced impossibility): келісуші тараптың өз міндеттемелерін мүлде орындай алмауы немесе оларды келісілген тәртіппен орындау мүмкіндігінен айырылуы; осындай жағдайдың қалыптасқанына көзі жеткен қарсы тарап келісімшартты бұзу үшін (бұған жоғарыда аталған келісуші тарап наразылық білдіргенде) сотқа аталған келісуші тараптың келісімшартты бұдан былай орындай алмайтынын дәлелдеуі тиіс.



(а) жағдайға қатысты. Алдын ала бас тарту: Келісімшартты орындай алмайтынын хабарлап, оны алдын ала бұзу. Мысалы, 1989 жылғы The Simona ісін қараған лорд Акнер (Lord Ackner) осы аталған доктринаның даму тарихына шолу жасаған, ол XIX ғасырда болған келесі сот істерінен бастау алады: 1853 жылғы Hochster-дің De La Tour-ге қарсы ісі және 1872 жылғы Frost-тың Knight-қа қарсы ісі.

(б) жағдайға қатысты. Келісімшартты орындау мүмкіндігінен айырылуға келісуші тараптың өзі себепші болуы. 1957 жылғы Universal Cargo Carriers Corporation компаниясының Citati-ге қарсы ісін қараған судья Девлин (Devlin J) атап өткендей, келісімшартты осы доктринаға жүгініп бұзудың «тәуекелі көп». Өйткені сот келісуші тараптың өзіне жүктелген міндеттерді мүлде орындай алмағаны толық дәлелденген жоқ деген қорытындыға келуі мүмкін. Судья Попплвелл (Poplewell J) 2014 жылғы Geden Operations Ltd компаниясының Dry Bulk Handy Holdings Inc компаниясына қарсы ісін қараған кезде келісімшарттың орындалмай қалуын шарасыз жағдай деп тану керектігін атап өткен. 1993 жылы қаралған Alfred Toepfer International GmbH компаниясының ITEX Itagrani Export SA қарсы ісі бойынша сатушы тарап мезгілінен бұрын сатып алушы жүкті түгел тиеп ала алмайды деген ой-тұжырымға келген. Шын мәнінде сатып алушының жүкті ойдағыдай тиеп ала алмайтыны анық емес еді. Сондықтан сатушы тарап келісімшарттан бас тартқан деп танылды. Судья Сэвилл (Saville J): бұл істе сатып алушылар өз міндеттерін орындай алмайды деген жалғыз ықтимал жол бар еді, – деп айтқан.

Келтірілген залалды бағалайтын уақыт. Лордтар Палатасының Golden Strait Corporation компаниясының Nippon Yusen Kubishika Kaisha компаниясына ('The Golden Victory') қарсы ісі бойынша шығарған шешіміне сай, келісімшартты уақытынан бұрын бұзумен байланысты залал келісімшарт бұзылғаннан кейін орын алған оқиғаларға қатысты болуы қажет (егер ол оқиғалар талап арыз берген тараптың шығынын азайтқан немесе оған жол бермеген болса). Мысалы, Bunge SA v. Nidera BV қарсы ісін 2015 жылы қараған Жоғарғы сот көпшілік ұстанымына сай жасалған талдауды мақұлдаған.

Міндеттемелерді орындамауды болдырмау жолдары

Қарсы тарап өз міндеттемелерін орындай алмауы мүмкін деп алаңдаған келісуші тарап шынымен осылай болатынын-болмайтынын күтіп, өзі соны қадағалап отыруы керек. Оның мұндай ұстанымнан ауытқуына мына келесі жағдайларда ғана рұқсат етіледі:

- келісімшартта оның орындалатынын қадағалау құқығы айқын көрсетілген болса; немесе
- келісімшарттан айқын түрде алдын ала бас тартқанда; немесе
- келісуші тарап келісімшартты тоқтатып, сотқа қарсы тараптың келісімшартты орындау мүмкіндігінен айырылуына сол тараптың өзі себепші болған жағдайда міндеттемелерін орындай алмайтынын көрсетсе; немесе
- қарсы тараптың өз міндеттемелерін орындамауын болдырмау мақсатында сот белігілі бір тыйым



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы
Дәріс: Келісімшарт талаптарын бұзу және келісімшартты толық орындамау
Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

шарасын салған жағдайда.

Келісімшартты уақытынан бұрын бұзу: соттың тыйым салуы

Тиісті жағдайда келісуші тарап қарсы тараптың өз міндеттемелерін келісілген тәртіппен орындауына кедергі келтіретін әрекетке баруына сот арқылы тыйым салуы мүмкін.

Мысалы, 2007 жылы қаралған Berkeley Community Villages Ltd компаниясының Pullen-ге ісі: Р тарабы (жер иесі) жердің бір телімін үшінші тарапқа сатуды ұсынған. Жер сатылған жағдайда В тарабы (онымен Р тарабы құрылыс салу жөнінде келісімшарт жасасқан) құрылысты пайдалануға беру құқығынан айырылатын еді. Р тарабы жерді сату-сатып алу нәтижесінде аталған келісімшарт бұзылатыны анықталған жағдайда (іс жүзінде солай болатыны анықталды) соттың тыйым салатынын мойындаған. Судья Морган (Morgan J) өзінің нормативтік шешімге жаппайтын пайымында (dicta) (келісуші тараптың мойындағанын ескергендегі шешімге қажеті жоқ) келісуші тарап өз міндеттемелерін уақытынан бұрын бұзған кезде соттың тыйым салуы мүмкін еді деген. Келісуші тараптың өз міндеттемелерін келісілген тәртіппен орындауына кедергі келтіретін әрекетке баруына (оның өз міндеттемелерін толық орындау мүмкіндігі оған үшінші тараптың рұқсат беруіне тәуелді болғанына қарамастан) сот арқылы тыйым салуға болады.

Келісімшарттың әдейі бұзылғаны есепке алынбайды

Мына төмендегі жағдайларды қоспағанда, келісімшарттың әдейі бұзылғаны есепке алынбайды:

(а) бірыңғай жағдайлар туралы ескертпелер (exclusion clauses) келісімшарт әдейі бұзылған жайттарды қамтымауы мүмкін;

(b) келісімшартты әдейі бұзу (істі жан-жақты тексеру нәтижесінде) арқылы кінәлі тарап өзінің келісімшарт талаптарын бұдан былай орындауға ниетті еместігін айқын білдіруі мүмкін.

Аталмыш қағидаларды Лордтар Палатасы 1966 жылғы Suisse Atlantique ісін қараған кезде айқындап берген. Бұған қоса, ағылшын келісімшарт құқығына сай, келісімшартты әдейі бұзу нәтижесінде болжамды айыппұл шығындарын (exemplary damages) өтеу бойынша жауапкершілік туындамайды. Шын мәнінде, келісімшарт бұзылған кезде болжамды айыппұл шығындары мүлде өтелмейді.

Міндеттемелерін орындамаған тараптың адал ниеті

Келісуші тараптың өз міндеттемелерін орындаудан негізсіз бас тартуы немесе оның келісімшарт талаптарын орындамайтынын хабарлауы, адал ниетпен жасалған болса да, келісімшартты бұзу болып танылады. Мұндай жайт елеулі болса, қарсы тарап келісімшартты тоқтатуға құқылы. Бұл қағида мына төмендегі жағдайларда қолданылмайды:

(а) келісуші тараптың өз міндеттемелерін орындамауы көрінеу қателіктен болғанда және қателеспеген тарапта оны оңай түзетуге мүмкіндік болғанда; немесе өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан тараптың келісімшарт талаптарын елеулі түрде бұзғанын-бұзбағанын оңай тексеріп білу мүмкіндігі болғанда; немесе

(b) келісуші тараптың өз міндеттемелерін орындамауы алдында бұл жайтты бейтарап үшінші тарап (мысалы, сот немесе арбитр) көмегіне жүгініп, тексеріп алуға жеткілікті уақыт болғанда.

Жалпы тұжырымға сай, келісуші тараптың өз міндеттемелерін орындаудан бас тартуы немесе келісімшарт талаптарын орындамауы, адал ниетпен жасалған болса да, келісімшартты бұзу болып танылады.

Бұл тұжырымды Лордтар Палатасы 1979 жылы қаралған Federal Commerce & Navigation Co компаниясының Molena Alpha Inc компаниясына қарсы ('The Nanfri') ісін қараған кезде мақұлдаған. Кеме иесі заңгерлердің қате кеңесіне жүгініп, алдын ала төленген коносамент беруден бас тартқан. Лордтар Палатасы келісуші тарап өз міндеттемелерін орындамады, сондықтан бұл жайт келісімшартты бұзуға негіз болады деген шешім шығарды. Осы ретте кеме иесінің адал ниетпен әрекет еткені істің мәніне әсер етпеді: адал ниетті көздеген болса да, келісімшартты орындаудан бас тартып, оның объективті түрде бұзылуына себепші болған тарап жауапкершіліктен босатылмайды. Бұл істе мынадай үш маңызды фактор ескерілді: (а) айқындылық: келісуші тараптың келісімшарттан бас тартқаны айқын болды; (b) қауіп: мұндағы кінәсіз тарап – кеме жалдаушы және оның клиенттері (тиісті сауда саласында жүк тасымалымен айналысатындар)



өте қиын жағдайға тап болды; (с) уақыт тапшылығы: қалыптасқан қиын жағдайды реттеп алуға арнап уақыт бөлінбеді, коммерциялық “мүмкіндік” берілмеді.

Аталған тұжырымға негіз болған шешімдер: (а) өзін кінәсіз деп білген тарап, шын мәнінде, тек өз пайдасын ғана ойлап, орынсыз асығыстық танытқан. Мұның орнына ол қарсы тарапқа көрінеу қате жібергенін ескертіп, оны түзетуге әрекеттенуі қажет еді, өйткені қарсы тараптың өз міндеттемелерінен бас тартатын ойы болмаған. Оған мысал ретінде, Eminence Property Developments Ltd компаниясының Heaney-ге қарсы 2010 жылғы ісін қарауға болады; (b) қарсы тараптың өз міндеттемелерін орындамайтынын білген бойда, оның шынымен келісімшарт талаптарын орындаудан бас тартуға бел байлағанын тексеру керек еді. Оған мысал ретінде Vaswani-дің Italian Motors (Sales & Services) Ltd компаниясына қарсы 1996 жылғы ісін алуға болады; немесе (с) келісуші тараптардың осындай жағдайда мәселені бейтарап үшінші тараптың қарауына бергені дұрыс болды. Мысалы, Woodar Investment Development Ltd компаниясының Wimprey Construction UK Ltd компаниясына қарсы 1980 жылы қаралған ісі. Аталған нақтылаушы қағидалар мұндай жағдайда тараптар арасында туындаған мәселелерді әділ іскерлік тәжірибеге сүйеніп реттеу керектігін аңғартады.

Келісімшартты бұзуға негіз болғанда келтірілетін орынсыз себептер

Келісімшартты бұзуын объективті түрде негіздеп берген тараптың (орынсыз себеп келтіргеніне немесе мүлде себеп келтірмегеніне қарамастан) ұстанымы заңды деп танылады.

Бұл тұжырым XIX ғасырдан бастау алады. Оны Апелляциялық сот Force India Formula One Team Ltd компаниясының Etihad Airways PJSC компаниясына қарсы ісін 2010 жылы қарағанда былай деп растаған: *“Бір тарап келісімшарттан бас тартқан жағдайда, бұған дұрыс себеп келтірмегеніне немесе мүлде себеп келтірмегеніне қарамастан, екінші тарап оның бұл әрекетін заңға негізделген деп танып, келісімшартты тоқтатуға келісуі мүмкін”.*

Келісімшарт талаптарын бірнеше қайтара бұзу

Келісімшарт талаптарын бірнеше рет немесе қайта-қайта бұзу (сонымен қатар осындай жайттың болашақта орын алу мүмкіндігі) салдарынан кінәсіз тараптың келісімшартқа қатысты болжамдары мен жоспарларының елеулі түрде өзгеруі келісімшартты тоқтатуға негіз бола алады.

Мысалы, Alan Auld Associates Ltd компаниясының Rick Pollard Associates-ке қарсы ісін 2008 жылы қараған Апелляциялық сот келісімшарт талаптарының бір емес, бірнеше рет бұзылуы сол келісімшартты тоқтатуға негіз бола алады деген қорытындыға келген. Өйткені кінәлі тарап аталған келісімшарт талаптарын “елеулі түрде, ұдайы әрі тиісті нормаларды елемей бұзып отырған”.

Тағы бір кейсте, Rice-тың Great Yarmouth Borough Council-ге қарсы ісін 2000 жылы қараған лорд-судья Хэйл (Hale LJ) айтқандай, бұл істе қолданылған тексеру әдісі (бұл әдіс істің мән-жайын тексергенде жағымды нәтиже бермеді) кінәсіз тараптың “келісімшартқа сай күткен нәтиженің елеулі бөлігінен айырылатынын-айырылмайтынын” немесе “келісімшарттың жекелеген аспектілерін” (ойдағыдай) жүзеге асырмаудың “маңызды болғаны соншалық” – келісімшарт талаптарының орындалмағанының өзі жеткілікті болатынын-болмайтынын анықтауға, яғни келісімшартты тоқтатуға негіз болатынын-болмайтынын анықтау мақсатын көздеген.

Келісімшарт талаптарын бұзу және номиналдық залал

Келісімшарт талаптары бұзылған жағдайда, кінәсіз тарап ең болмағанда номиналдық залалды өтеуді талап етуге құқылы.

Номиналдық залал деп техникалық сипаттағы құқықтық қателік кеткені үшін төленетін болмашы (номиналдық) соманы айтады. Мысалы, сот 5 немесе 10 фунт-стерлинг көлемінде өтемақы төлеу туралы шешім шығаруы мүмкін. Бір тарап келісімшарт талаптарын бұзған тараптан өзіне келтірілген елеулі залалды, берешекті өтеуді немесе келісімшартты заттай орындауды, немесе соттың оған тыйым салуын не кінәлі тараптан ең болмағанда келісімшартты бұзғанын мойындап, мәлімдеме жасауын талап ете алады. Кінәсіз тарап белгіленген шығынға ұшырағанын дәлелдесе, өзіне келтірілген елеулі залалды өтетіп ала алады.



Келісімшартты тоқтату (termination) мен одан бас тарту (rescission) арасындағы айырмашылық

Келісімшарттан бас тарту (ағыл. rescission) – заңдық күші жоқ деп танылған келісімшартты ретроспективті түрде бұзу (бұған келісуші тараптың жалған мәлімдеме жасауы немесе өзге де жайттар себеп болуы мүмкін). Ал «талаптары бұзылған келісімшартты тоқтату» (ағыл. termination for breach) дегеніміз – келісімшартты белгіленген уақыттан бастап күшін жойған, яғни бұдан былай жарамсыз деп тану.

Талаптары бұзылған келісімшартты тоқтатудың келісімшарттан бас тартудан айырмашылығы. Талаптары бұзылған келісімшартты тоқтатқан кезде, ол ретроспективті түрде жойылмайды, яғни о бастан жарамсыз деп танылмайды. Осылайша, кінәсіз тарап келісімшарт талаптарының бұрын бұзылғаны үшін сотқа шағымдану құқығын сақтайды. Керісінше, келісімшарттан бас тартқан кезде (мысалы, жалған мәлімдеме жасалған жағдайда) дауланатын келісімшарттың күші жойылады, ол жарамсыз деп танылады. Осылайша, келісуші тараптар келісімшарт жасаспай тұрғандағы жағдай қалпына келтіріледі, яғни тараптар ешқандай келісімшарт жасаспаған болып есептеледі. Сондықтан келісімшарттан бас тарту деп оны ретроспективті түрде жойып, тараптарға тиесілі артықшылықтарды қайтып беруді айтады. Мұндай жағдайда келісімшарт бұзылған деп талап арыз беруге жол берілмейді, өйткені келісімшарт күшін жойған, болмаған деп танылады.

Талаптары бұзылған келісімшартты тоқтату мен шартты міндеттеменің (толық міндеттеме доктринасы – entire obligation doctrine) арасындағы айырмашылық. Талаптары бұзылған келісімшартты тоқтату процесін (келісімшарттың күшін жоймай) міндеттемелерді орындаудан бас тарту құқығынан ажыратып қарастыру қажет: мұндай жағдай қарсы тарап өз міндеттемелерін орындамаған кезде, яғни келісуші тараптардың міндеттемелері о бастан “өзара тәуелді” болғанда орын алуы мүмкін.

Талаптары бұзылған келісімшартты тоқтату салдары

Талаптары бұзылған келісімшарт тоқтатылғаннан кейін:

(i) Кінәлі тараптың кінәсіз тарапқа келісімшарт тоқтатылғанға дейінгі уақытта өтелмеген берешек немесе орындалмаған жауапкершілік бойынша сотқа арыздану құқығы бар;

(ii) Ал кінәсіз тарап мынадай құқықтарын сақтап қалады:

(a) Ол келісімшарт талаптарының бұрын бұзылғаны үшін сотқа арыздана алады. Бұған қоса, ол кінәлі тараптан келісімшарт талаптарын елеулі түрде бұзып, салдарынан келісімшарттың тоқтатылуынан туындаған залалды өтеуді талап ете алады;

(b) Ол кінәлі тараптан келісімшарт тоқтатылғанға дейінгі уақытта жиналып қалған соманы төлеуді талап ете алады;

(iii) Қос тарап та мынадай қосымша міндеттемелерді (ancillary obligations) орындауды талап ету артықшылығын сақтайды, сондай-ақ сол міндеттемелерді өздері де орындауға тиіс болады: бірыңғай жағдайлар туралы ескертпелер; алдын ала бағаланған залалдар туралы ережелер (liquidated damages clauses); қолданылатын құқық туралы ережелер; юрисдикция туралы ескертпелер; медиация туралы ескертпелер; арбитраж туралы ескертпелер; келісілген мерзімдік шектеулер; агенттік келісім бойынша алдын ала төлем жасау туралы ереже; құжаттарды тексеруге мүмкіндік беру туралы ереже. Дегенмен, (серіктестік туралы келісімшартқа немесе еңбек шартына енгізілген) шек қоюшы талаптар кінәлі тарап пайдасына қаралмайды.

Жоғарыдағы (iii)-тармақта аталған мәселелерге қатысты (қосымша міндеттемелер) прецеденттік құқық нормалары келесі ескертпелерде көрсетілген: бірыңғай жағдайлар туралы ескертпелер (exclusion clauses); алдын ала бағаланған залалдар туралы ережелер; қолданылатын құқық туралы ережелер, юрисдикция туралы ескертпелер, медиация туралы ескертпелер, арбитраж туралы ескертпелер; келісілген мерзімдік шектеулер; агенттік келісім бойынша алдын ала төлем жасау туралы ереже; бағдарламалық құрал жеткізуші тараптың үздіксіз техникалық қолдау және күтім көрсету міндеттемесі; құжаттарды тексеруге мүмкіндік беру туралы ереже. Серіктестік туралы келісімшартқа немесе еңбек шартына енгізілген шек қоюшы талаптар кінәлі тарап пайдасына қаралмайды (бір судьяның сын айтқанына қарамастан, бұл норма күшін жойған емес). Geys-тің Société Générale-ге қарсы ісін (2012) қараған лорд Уилсон (Lord Wilson) атап өткендей, бұл қағида “даулы” болғанымен, құқықтық норма ретінде сақталған. Құпиялық туралы



ережелерге қатысты нақты ұстаным әлі айқындалмаған.

Келісімшарттың бір бөлігінің күшін жоюы

Тауарды бірнеше партияға бөліп жеткізу туралы келісімшарт (instalment contract) жасалған жағдайда, келісуші тарап сол келісімшарттың белгілі бір бөлігінде қарастырылған міндеттемелерді орындаудан бас тарта алады. Мұндай кезде келісімшарттың аталған бөлігі ғана күшін жойған, ал келісімшарт толықтай күшін жоймаған болып саналады.

Бұл қағиданы Friends Provident Life & Pensions Ltd компаниясының Sirius International Insurance Corp компаниясына қарсы ісін 2005 жылы қараған Апелляциялық сот растаған.

Келісімшартты тоқтатуға негіз болатын жайттар

Мына төмендегі жағдайлар орын алса, кінәсіз тарап талаптары бұзылған келісімшартты тоқтатуға құқылы:

- (a) өзге тараптың келісімшарт талаптарын орындауға құлықсыз екені айқын болғанда;
- (b) кінәлі тараптың өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан келісімшартты іске асыру мүмкін болмай қалғанда;
- (c) келісімшарт талаптарының елеулі түрде бұзылуы салдарынан кінәсіз тараптың келісімшартқа қатысты болжамдары мен жоспарлары түбегейлі өзгергенде;
- (d) келісімшарттың маңызды талабы бұзылғанда; немесе
- (e) келісімшарттың аралық талабы елеулі түрде (өрескел түрде емес) бұзылғанда.

Маңызды талаптар, аралық талаптар және қарапайым талаптар (кепілдіктер)

(i) Міндеттемелік талаптардың (promissory term) мынадай үш түрі бар: маңызды талаптар (conditions), аралық талаптар (intermediate or innominate terms) және қарапайым талаптар/кепілдіктер (warranties).

(ii) Келісуші тарап келісімшарттың маңызды талабын бұзған жағдайда, өзге тарап келісімшартты тоқтатып, өзіне келтірілген залалды өтетіп алуға құқылы.

(iii) Келісімшарттың аралық талабы бұзылған жағдайда, кінәсіз тарап өзіне келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы; аралық талап бұзылған жағдайда келісімшартты тоқтатуға да болады, бірақ ол үшін аталған талаптың елеулі түрде бұзылуы салдарынан кінәсіз тараптың келісімшартқа қатысты болжамдары мен жоспарларының түбегейлі өзгергенін көрсету керек.

(iv) Қарапайым талап (кепілдік) бұзылған жағдайда, кінәлі тарап тек залалды өтеп беруге міндетті болады.

Келісімшарт талабының маңызды талапқа (condition) жататындары:

(a) заңда; немесе (b) сот прецедентінде көрсетіледі; немесе (c) келісуші тараптардың өздері “маңызды талап” (condition) сөзін қолданады (түсіндірме бергенде оның техникалық мағынада қолданылғаны анық болуы керек); немесе (d) келісімшартта аталған талапты бұзғанда кінәсіз тараптың келісімшартты тоқтатуға құқылы екені жазылады; немесе (e) істі қараған арнайы юрисдикция соты (жоғарыдағы (a) және (d) тармақтарында көрсетілген шарттар қанағаттандырылмағанына қарамастан) елеулі мәнге ие талапты – маңызды талап деп тануы мүмкін.

Келісімшарт талаптары классификациясын соттың жіктеп бекітуі. Осы бөлімде көрсетілген талаптар классификациясына The Seaflower ісін (2001) қараған лорд-судья Уоллер (Waller LJ) «дәл жасалған» деп баға берген. Судья Chitty on Contracts («Келісімшарттар туралы», редакторы Джозеф Читти) еңбегінде келтірілген мәлімдемені басшылыққа алған (алайда, айта кетерлігі, Читтидің аталған еңбегінде жоғарыдағы тізімдегі (i)(c) және (d) тармақтары бөліп көрсетілмеген.

Қолданылған әдебиеттер:

1. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies (London, 2012), chapters 5 to 8, 13
2. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies (London, 2012), chapter 7; Q Liu, Anticipatory Breach (Oxford, 2011)



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарт талаптарын бұзу және келісімшартты толық орындамау

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

3. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 7-079 ff
4. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 7-022, 7-023
5. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 5-023
6. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 6-068 ff
7. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 8-048 ff
8. N Andrews, *Contract Law* (2nd edn, Cambridge, 2015), 17.12; N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 8-007 ff
9. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 5-005; McGregor on Damages (19th edn, London, 2014), chapter 12
10. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), chapters 13 and 15
11. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), chapter 13
12. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 13-011
13. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 5-026
14. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), chapters 10 to 12; K Lewison, *Interpretation of Contracts* (5th edn, London, 2011), 16.10
15. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 10-009 ff; K Lewison, *Interpretation of Contracts* (5th edn, London, 2011), 16.12